

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



Asian journal "STEPPE PANORAMA"



2025. 12 (2)

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2025

© Авторлар ұжымы, 2025

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ)

Көксебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Қубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,
археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Коллектив авторов, 2025

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2025
© Group of authors, 2025

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 12. Is. 2, pp. 559-574, 2025
Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2025_12_2_559-574

COLLECTIVIZATION AND POPULAR PROTESTS IN THE WEST KAZAKHSTAN REGION (1928–1932)

*Eskairat E. Khaidarov*¹

¹Zhangir Khan West Kazakhstan Agrarian-Technical University
(51, Zhangir Khan Str., 090009 Uralsk, Republic of Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, Senior Lecturer
 <https://orcid.org/0000-0002-5420-0118>. E-mail: esaka_78@mail.ru

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2025
© Khaidarov E.E., 2025

Abstract. *Introduction.* Collectivization of agriculture was carried out in Kazakhstan in the late 1920s and early 1930s. The aim was to transform small and inefficient private farms into large public farms to increase agricultural productivity. The collectivization of agriculture in Kazakhstan, including in the West Kazakhstan region, was carried out using forced methods. Accordingly, the peasants opposed the Soviet government's collectivization policy. *The purpose and tasks of the study* are to study the collectivization of agriculture and popular protests in the West Kazakhstan region based on new archival documents. *Results.* As a result of the study, the number of collective farms in the Ural district during the period of collectivization was clarified and presented in a table. Based on archival documents and data from the newspaper “Krasny Ural”, the issues of confiscation of the property of the rich kulaks, the grain procurement campaign, the creation of seed funds are examined and percentage indicators of collectivization by district are presented. For the first time, data on the opinions and protests of workers, peasants, and rich kulaks regarding collectivization, as well as on facts of famine among the population, contained in special information reports of the Ural District Department of the OGPU, have been discovered and published. The article also notes the shortcomings and excesses in collective farm construction in the district. The Jangalinsky uprising and peasant protests in other areas were revealed. *Conclusions.* The guilt of the stalinist administrative-command system, including Goloshchekin's "Little October" course and representatives of local authorities in the violent implementation of the collectivization policy is shown, a conclusion is made about the deterioration of the socio-economic situation of peasants, the crisis of traditional Kazakh society and the coverage of the territory of the West Kazakhstan region by popular protests.

Keywords: Soviet power, collectivization, collective farm, district, party, OGPU, popular protests

Acknowledgment. The article was prepared within the framework of the release of the TFP BR24993057 “Fundamental research of the main basic categories and subcategories of victims of political repression in Kazakhstan and the processes of their full rehabilitation” with the financial support of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

For citation: Khaidarov E.E. Political collectivization and popular protests in the West Kazakhstan region (1928–1932) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No. 2. Pp. 559–574. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_559-574

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ (1928–1932 жж.)

Хайдаров Есқайрат Ерболатұлы¹

¹Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

(51-үй, Жәңгір хан көш., 090009 Орал, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы

 <https://orcid.org/0000-0002-5420-0118>. E-mail: esaka_78@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Хайдаров Е.Е., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Қазақстандағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру 1920 жылдардың соңы – 1930 жылдардың басында жүзеге асырылды. Ондағы мақсат ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін арттыру үшін ұсақ және тиімсіз жеке шаруашылықтарды ірі қоғамдық шаруашылықтарға айналдыру еді. Қазақстандағы, оның ішінде Батыс Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру күштеу әдістерімен жүзеге асырылды. Осыған сәйкес шаруалар кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясатына қарсылық білдірді. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* Батыс Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыруды және халық наразылығын жаңа архив құжаттары негізінде зерделеу болып табылады. *Нәтижелері.* Зерттеу нәтижесінде ұжымдастыру кезеңіндегі Орал округіндегі колхоздардың саны нақты көрсетіліп, кесте арқылы берілді. Бай-кулактардың мал-мүлкін тәркілеу, астық дайындау науқаны, тұқым қорын жасақтау мәселелері, ұжымдастырудың аудандар бойынша пайыздық көрсеткіштері архив құжаттары және «Красный Урал» газетінің деректері бойынша қарастырылды. ОГПУ-дың Орал округтік бөлімінің арнайы ақпарларындағы жұмысшылардың, шаруалардың, бай-кулактардың ұжымдастыруға байланысты айтқан пікірлері, наразылықтары және тұрғындар арасындағы аштық фактілері жөнінде деректер табылып, алғаш рет жарияланып отыр. Сондай-ақ мақалада өңірдегі колхоз құрылысындағы кемшіліктер мен асыра сілтеушіліктер анықталып көрсетілді. Жаңақала көтерілісі болғаны және басқа аудандарда шаруалардың наразылықтары орын алғаны анықталды. *Қорытындылар.* Ұжымдастыру саясатын күштеп жүзеге асырудағы сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйенің, оның ішінде Голощекиннің «Кіші Қазан» курсының және жергілікті билік өкілдерінің кінәсі көрсетіліп, шаруалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлағаны, дәстүрлі қазақ қоғамының дағдарысқа ұшырағаны және халық наразылықтарының Батыс Қазақстан облысы аумағын қамтығаны жөнінде қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: Кеңес өкіметі, ұжымдастыру, колхоз, округ, партия, ОГПУ, халық наразылығы

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен BR24993057 «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының негізгі базалық санаттары мен кіші санаттарын іргелі зерттеу және оларды толық ақтау процестері» МҚБ жүзеге асыру аясында дайындалды.

Дәйексөз үшін: Хайдаров Е.Е. Батыс Қазақстан облысындағы ұжымдастыру саясаты және халық наразылығы (1928–1932 жж.) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 2. 559–574 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_559-574

КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ И НАРОДНЫЕ ПРОТЕСТЫ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928–1932 гг.)

Хайдаров Ескайрат Ербулатович¹

¹Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

(д.51, ул. Жангир хана, 090009 Уральск, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, старший преподаватель

 <https://orcid.org/0000-0002-5420-0118>. E-mail: esaka_78@mail.ru

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Хайдаров Е.Е., 2025

Аннотация. *Введение.* Коллективизация сельского хозяйства проводилась в Казахстане в конце 1920-х — начале 1930-х годов. Целью было преобразование мелких и неэффективных частных хозяйств в крупные общественные хозяйства для повышения производительности сельскохозяйственного производства. Коллективизация сельского хозяйства в Казахстане, в том числе и в Западно-Казахстанской области, проводилась принудительными методами. Соответственно, крестьяне выступили против политики коллективизации советского правительства. *Цель и задачи исследования* — изучение коллективизации сельского хозяйства и народных протестов в Западно-Казахстанской области на основе новых архивных документов. *Результаты.* В результате исследования уточнено и представлено в таблице количество колхозов в Уральском округе в период коллективизации. На основе архивных документов и данных газеты «Красный Урал» рассмотрены вопросы конфискации имущества баев-кулаков, хлебозаготовительной кампании, создания семенных фондов и представлены процентные показатели коллективизации по районам. Впервые обнаружены и опубликованы данные о мнениях и протестах рабочих, крестьян, баев-кулаков по поводу коллективизации, а также о фактах голода среди населения, содержащиеся в специальных инфосводках Уральского окружного отдела ОГПУ. В статье также отмечены недочеты и перегибы в колхозном строительстве в округе. Были выявлены Джангалинское восстание и крестьянские протесты в других районах. *Выводы.* Показана вина сталинской административно-командной системы, в том числе Голощекинского курса «Малый Октябрь» и представителей местной власти в насильственном осуществлении политики коллективизации, сделан вывод об ухудшении социально-экономического положения крестьян, кризисе традиционного казахского общества и охвате территории Западно-Казахстанской области народными протестами.

Ключевые слова: Советская власть, коллективизация, колхоз, округ, партия, ОГПУ, народные протесты

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации ПЦФ BR24993057 «Фундаментальное исследование основных базовых категорий и подкатегорий жертв политических репрессий в Казахстане и процессы их полной реабилитации» при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Для цитирования: Хайдаров Е.Е. Политика коллективизации и народные протесты в Западно-Казахстанской области (1928–1932 гг.) // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Т. 12. № 2. С. 559–574. (На Каз.).

DOI: 10.51943/2710-3994_2025_12_2_559-574

Кіріспе

1927 жылы 2–19 желтоқсан аралығында Мәскеуде өткен БК (б) П XV съезінде КСРО-да ауыл шаруашылығын ұжымдастыру жөнінде шешім қабылданып, оны Қазақстанда 1932 жылдың көктеміне қарай аяқтау көзделді. Ұжымдастыру – кеңес өкіметінің жеке шаруа қожалықтарын ұжымдық шаруашылықтарға (колхоздар мен совхоздарға) біріктіруге бағытталған аграрлық реформа. Ондағы мақсат ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігін арттыру үшін ұсақ және тиімсіз жеке шаруашылықтарды ірі қоғамдық шаруашылықтарға айналдыру еді.

Бүкіл елде кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің үстемдік құруы, ЖЭС-тен бас тартып ұжымдастыру саясатына көшуі Қазақстандағы қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуалдың күрт нашарлауына алып келді. Ұжымдастыру барысында колхоздар құру, байлар мен кулактардың дүние-мүлкін тәркілеу, астық қабылдау, мал дайындау, ауыл шаруашылық салықтарын енгізу сияқты саяси-шаруашылықтық шаралар қатар жүзеге асырылды. Шаруалардың наразылығына қарамастан Қазақстандағы ауылдарды жаппай ұжымдастыру күштеу әдістерімен жүргізілді және бұл қиянат қазақ халқының сан ғасырлық тұрмыс-тіршілігінің бұзылуына әкеліп соқтырды. Ұжымдастыру жылдарында халық наразылықтары Батыс Қазақстан облысының барлық аудандарында орын алды.

Осы уақытқа дейін Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру және халық көтерілістері мәселесі тарихшылардың тарапынан жан-жақты зерттелгенімен Батыс Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру және халық наразылығы назардан тыс қалып отырды. Бұл жағдай Батыс Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылығын ұжымдастыру және халық наразылығы мәселесінің кең көлемде зерттеуді қажет ететіндігін және таңдап алынған тақырыптың өзектілігін айқындай түседі. Осыған сәйкес мақалада 1928–1932 жылдардағы Батыс Қазақстан облысындағы ауыл шаруашылығын ұжымдастырудың жүру барысын, ауқымын, зардаптарын және халық наразылығын зерттеуді мақсат етіп қойдық.

Материалдар мен әдіс-тәсілдері

Мақаланы жазу барысында Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архивінің қорларынан алған құжаттар кеңінен пайдаланылды. Орал округіндегі ұжымдастырудың жүру барысы мен қарқынына, колхоздардың санына, бай-кулактарды тәркілеуге, ұжымдастыруды жүзеге асырудағы жергілікті жерлерде жіберілген кемшіліктерге, шаруалардың наразылықтарына қатысты деректер 348-қордан (Уральский окружной союз сельскохозяйственных кооперативов /Окрколхозсоюз/), П-36-қордан (Партийный архив Уральского обкома партии), 992-қордан (Комиссия по конфискации войскового имущества при Уральском окрисполкоме), 392-қордан (Исполнительный комитет Уральского окружного Совета рабочих, крестьянских и красноармейских депутатов) алынды. «Красный Урал» газетіндегі мәліметтер де дерек көзі ретінде қарастырылды. Аталған қорлардағы құжаттар Батыс Қазақстан облысындағы ұжымдастыру және халық наразылығы тарихын тың деректер арқылы жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдіснамасы ең алдымен шынайылық, тарихилық, объективтілік принциптеріне негізделді. Сонымен қатар зерттеу жұмысында талдау, сұрыптау, жүйелеу және тарихи-салыстыру әдістері кеңінен қолданылды.

Талқылау

Батыс Қазақстан өңіріндегі, оның ішінде Орал округіндегі колхоз құрылысының қалыптасып дамуы және 1930 жылғы жаппай ұжымдастыруға дайындық мәселелері жөнінде 1938 жылы Орал педагогикалық институтында тарих факультетінің негізін қалаған тарихшы А.А. Королевскийдің «Массовое колхозное движение и переход к сплошной коллективизации в Западном Казахстане» (Королевский, 1957), «Подготовка сплошной коллективизации в Западном Казахстане» (Королевский, 1958) атты екі мақаласы жарық көрген.

Алайда Кеңестік тарихнамада күштеп ұжымдастыру мен ашаршылық, шаруалар наразылығы мәселесіне объективтік тұрғыдан баға берілмегені мәлім. Кеңестік кезеңде ұжымдастыру саясаты коммунистік партияның жетістігі және социалистік құрылысты берік орнатудың төте жолы ретінде қарастырылды. Бұған дәлел ретінде кеңестік дәуірдегі Е.В. Семенихина (Семенихина, 1952), Ә.Б. Тұрсынбаев (Турсунбаев, 1957), С.А. Нейштадт (Нейштадт, 1957), Т.А. Әбдіразақов (Абдразақов, 1975) сынды авторлардың еңбектерін алып қарауымызға болады.

Қайта құру жылдары және Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған тұста 1930 жылдардағы сталиндік тоталитарлық жүйенің шаруаларға қарсы жүргізген репрессиялық саясаты және ұжымдастырудың шындығы айтыла бастады. Тарихнамадағы ұжымдастыруға қатысты қалыптасқан тұжырымдама түбегейлі өзгеріп, тарихтың ақтаңдақ беттері ашылды. Осыған сәйкес М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Әбілқожин, Қ.С. Алдажұманов өздерінің зерттеу еңбектерінде Қазақстандағы ұжымдастырудың зардаптары мен шаруалар қасіретін ашып көрсетті (Қозыбаев и др., 1992). Ал 1920 жылдардың соңы – 1930 жылдардың басындағы Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру мен ашаршылық тақырыбына арналған құжаттар мен материалдар жинағында тың архив деректері ұсынылды (Насильственная коллективизация, 1998).

Т. Омарбековтың жеке ғылыми еңбегінде 1929-1931 жылдардағы Қазақстандағы халық көтерілістерінің себептері, қозғаушы күштері мен сипаты, ірі көтеріліс ошақтары архив деректері негізінде зерделенген. Алайда Батыс Қазақстан облысындағы халық көтерілістері мен наразылықтары автордың назарынан тыс қалған (Омарбеков, 2018).

Б. Жұмағұловтың монографиялық еңбегінде өткен ғасырдың 20–30 жылдарындағы кеңес өкіметінің Қазақстандағы ауыл шаруашылығына қатысты жүргізген саясатына талдау жасалынып, Адай көтерілісіне, Тобанияз Әлниязұлының өмірі мен тағдырына қатысты тың архив деректері келтірілген. Мұндағы теориялық және әдіснамалық тәсілдерді өз мақаламызда басшылыққа алдық (Жұмағұлов, 2021).

Т.К. Алланиязовтың «Вооруженные выступления и повстанческие движения 1929–1931 годов в Казахстане: историография и источниковедение» (Алланиязов, 2024) атты зерттеу еңбегінде Қазақстандағы 1929–1931 жылдардағы халық көтерілістеріне және наразылықтарына қатысты жарық көрген ғылыми әдебиеттерге әдіснамалық, тарихнамалық және дерекнамалық тұрғыдан жан-жақты талдау жасалған. Автор 2001–2022 жылдар аралығында жарық көрген жаңа әдебиеттердің қатарында біздің де еңбегімізге өз пікірін білдірген.

Қазақ ауылының 1920 жылдардың аяғы – 1930 жылдардың басындағы қасіретін көрсететін құжаттар жинағында дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістер кеңінен көрініс тауып, күштеп ұжымдастыру, байлардың мал-мүлкін тәркілеу, отырықшыландыру жөнінде деректер жарияланған. Сонымен қатар бұл жинақта халық көтерілістеріне, антикеңестік қарсылықтарға және тұрғын халықтың жаппай көшуіне байланысты архив құжаттары қамтылған. Батыс Қазақстан облысына қатысты Жаңақала көтерілісі жөнінде құжаттық дерек келтірілген. (Трагедия казахского аула., 2018).

Неміс ғалымы Роберт Киндлердің «Сталиндік көшпенділер. Қазақстан билігі және ашаршылық» атты ғылыми еңбегі өткен ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылықтың себеп-салдарын зерттеуге арналған. Зерттеуші бұл еңбегінде Кіші Қазан, ұжымдастыру, бай-кулактарды тәркілеу, отырықшыландыру және репрессиялар мәселелерін жан-жақты қарастырған (Киндлер, 2024).

Француз ғалымы Изабель Огайон Қазақстандағы ұжымдастыру, отырықшыландыру, және ашаршылық тақырыптарын өз зерттеу еңбегіне арқау етіп, 1929–1931 жылдардағы шаруалар наразылықтарының негізгі ошақтарын, қозғаушы күштерін, себеп-салдарларын ашып көрсеткен (Огайон, 2009).

Өлкетанушы тарихшылардың еңбектерінде Батыс Қазақстан облысындағы ұжымдастыру саясаты, байларды тәркілеу, халық көтерілістері мен наразылықтары мәселелері архив құжаттары арқылы зерделенген (Рысбеков, 1997; Хайдаров, 2022; Шарафутдинов, 2024).

Мақаланы жазу барысында теориялық және әдіснамалық тұрғыдан жоғарыда қарастырылған ғылыми еңбектердегі деректер мен ой-қорытындылары басшылыққа алынды.

Нәтижелер

Колхоз құрылысы бүкіл халық шаруашылығын социалистік тұрғыдан қайта құрудың ең басты жолы ретінде саналды. Ұжымдық шаруашылықтардың алғашқы түрлері коммуналар, артельдер, тоздар болды. 1918 жылы Орал губерниясында 1 ғана ұжымдық шаруашылық тіркелсе, 1921 жылы 13 колхоз пайда болған. Ал 1923 жылы губерниядағы колхоздардың саны өсіп 90-ға жеткен, оның 71-і жергілікті қазақ ауылдарында, 19-ы орыс шаруашылықтарында құрылған (БҚОМА. 348-қ. 1-т. 12-іс. 152-п.). Осылайша өңірдегі колхоз құрылысы қозғалысы 1920 жылдардың басынан бастау алған.

Социализмді құрудағы еркіндікке негізделген лениндік принциптер және ЖЭС-тың барысында бай-кулактардың ықпалының күшеюі колхоз құрылысының тезірек дамып кетуіне кедергі болды. Сонымен қатар бүкіл кеңестік жүйе ЖЭС-пен жүре беретін болса социализмге емес капитализмге келіп тірелетін еді. Бұл жағдай Қазан революциясының мақсат-мұраттарына қарама-қайшылық туғызатын жәйт болатын. Сондықтан кеңес билігінің жоғарғы басшылығы бай-кулактарды тап ретінде жойып, социалистік құрылысты берік орнату үшін және бүкіл елде индустрияландыруды жүзеге асыруда оған тірек болатын саланы қалыптастыру мақсатында ауыл шаруашылығын ұжымдастыруды шындап қолға алды. Бұл саясат 1928–1932 жылдардағы КСРО-ның экономикалық дамуының бірінші бесжылдық жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Сөйтіп, ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру Қазақстанда, оның ішінде қазіргі Батыс Қазақстан облысында үлкен қарқынмен жүргізілді.

Ұжымдастырудың қарсаңында Орал губерниясындағы колхоздардың санын мына төмендегі 1-кестеден айқын көреміз. Онда колхоздардың өсу динамикасы байқалмайды. 1927 жылға қарай колхоздармен қатар қарапайым өндірістік бірлестіктер пайда бола бастаған.

1-Кесте – Орал губерниясындағы ұжымдастыруға дейінгі колхоздар саны
(БҚОМА. 348-қ. 1-т. 11-іс. 82 п.)

[Table 1 – Number of collective farms in the Urals province before collectivization
(SAWK. F. 348. In. 1. C. 11. P. 82.)]

	1-X 1924 ж.			1-X 1925 ж.			1-X 1926 ж.			1-X 1927 ж.		
	саны	% қоры т.	мүше	саны	% қорыт	мүше	саны	% қорыт	мүше	саны	% қорыт	мүше
коммунал.	18	8,0	464	18	8,1	492	10	5,9	286	8	4,5	232
артельд.	99	43,7	881	144	64,8	1344	111	65,6	927	100	57,4	837
ТОЗ	107	48,3	1585	58	26,2	1079	34	20,1	742	34	19,7	742
Мелиор.с.	-	-	-	2	0,9	29	14	8,4	1700	17	9,9	2305
Машин.с.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	10	5,7	101
Мал.ш.с.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	3	1,8	45
Жылқы.ш.с.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1	0,5	30
с	-	-	-	-	-	-	-	-	-	1	0,5	27
Қой.ш.с.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	3	-	28
Тұқым.с.	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы	224	100	2930	222	100	2944	169	100	3655	177	100	4347

Ұжымдастырудың алғашқы жылында-ақ әкімшілік-аумақтық реформа жүзеге асырылып, 1928 жылы 17 қаңтарда Орал губерниясының орнына Орал округі құрылды. Округ құрамына 15 аудан кірді. Округ жері 152420 км² аумақты құрады. 1926 жылдың соңындағы санақ қорытындысы бойынша округ халқы 436707 адам болса, 1928 жылы 474 мың адамға жетті. Округ тұрғындарының жалпы санының 69,5 % қазақтар құрады. Орал округі егіншілік және мал шаруашылығы бағытында болды. 1930 жылдың 17 желтоқсанында барлық округтер

жойылып, аудандар ірілендірілді. Аудандар республикалық билік органдарына тікелей бағындырылды. 1932 жылы 10 наурызда аталған өңір Батыс Қазақстан облысы болып қайта құрылды (Батыс Қазақстан, 2023: 113–119). Осылайша кеңес өкіметі 1920–1930 жылдары қазақ өлкесінде әкімшілік-аумақтық өзгерістерді жиі жасап, «бөліп ал да, билей бер» саясатын ұстанды.

Кеңестік және партиялық жоғарғы басшылық бай-кулактарды жоймай ауыл шаруашылығында ұжымдастыруды толыққанды жүргізу мүмкін емес деп есептеді. Сондықтан барлық өңірлерде бай-кулактарды тап ретінде жою науқаны қолға алынды. Байлардың мал-мүлкін тәркілеп, оларды орташалармен теңестіру мәселесі 1927 жылы қарашада өткен VI Қазақ өлкелік партконференциясында талқыланған болатын. 1927 жылы желтоқсан айында ірі байлардың шаруашылықтарын тәркілеу жөнінде заң жобасын әзірлеу үшін арнайы комиссия құрылды. Құжат талқыланып нақтыланған соң орталықтағы жоғарғы билік органдары тарапынан мақұлданды. 1928 жылы 15 тамызда тәркілеу науқанына жетекшілік жасайтын комиссия құрылды. 1928 жылы 27 тамызда Қазақ АКСР-ның Халық Комиссарлар Кеңесі мен Орталық Атқару Комитеті «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы» декретін қабылдады. Республиканың округтерінде тәркілеуді жүзеге асыру үшін уәкілетті өкілдер тағайындалды. Ауылдарға мыңнан астам уәкілетті өкілдер тікелей жіберілді. Комиссия жұмыстарына 4700 адам тартылды (Насильственная коллективизация, 1998: 6–7).

Орал округінде бай шаруашылықтарды тәркілеу жөніндегі комиссия 1928 жылдың 1 қыркүйегінен бастап өз қызметіне кіріседі. Комиссияның алғашқы отырысында декретті орындау мәселелері талқыланып, Азғыр ауданына – Төлебаев, Жаңақала ауданына – Зұлхайыров, Сламихин ауданына – Мәтжанов, Қаратөбе ауданына – Избасаров, Жымпиты ауданына – Берқалиев, Тайпақ ауданына – Залиев, Орда ауданына – Сағындықов, Шалқар ауданына – Есенбаев, Талов ауданына – Дүйсенов, Шежін ауданына – Жанбаисов, Зауральный ауданына Жұмағалиев секілді уәкілдерін жіберуге шешім қабылдаған. Оларға жергілікті жерлерде жиындар өткізу, ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу, ұжымдық шаруашылықтарды құру жұмыстары жүктелген. Мұндай бағыттағы ұйымдастырушылық жиналыстар жергілікті округтік атқарушы билік өкілдері мен орталықтан келген уәкілдердің қатынасуымен жиі өтіп тұрған (БҚОМА.992-қ. 1-т. 1-іс. 1-2-пп.).

Науқан қорытындысына сәйкес республика көлемінде 696 шаруашылық тәркілеуге ұшырап, оның 619-ы округтен тыс жерлерге көшірілді. Ал Орал округі бойынша 1928 жылдың қыркүйек айының соңына дейін 71 байдың тізімі анықталып, мал-мүлкі тәркіленді және көпшілігі Жетісу өңіріне жер аударылды. Олардың ішінде 1-ші санатқа жатқызылған 56-ы ірі байлар, хан-сұлтандардың ұрпақтары, бұрынғы патша үкіметінің шенеуніктері және атқамінерлер болса, 2-ші санатқа жатқызылған 15-і кеңес билігіне қарсы әрекет жасағандары үшін әлеуметтік қауіпті адамдар деп есептелінген орташа ауқаттылардан тұрды (Саяси қуғын-сүргін, 2022: 47–49). Шындығына келгенде олар қазақ қоғамының ұйытқысы, әлеуметтік тірегі еді. Кеңес өкіметінің озбыр саясатының кесірінен жазықсыз жандар жеке шаруашылықтарынан айырылып, елден жыраққа кетуге мәжбүр болды.

Кеңес өкіметі байлардың тәркіленген малдарының есебінен колхоздардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруді де көздеді. Мәселен, Орал округі бойынша байлардан 10310 бас мал тәркіленіп, 446 бас мал батырақтарға еңбекақы ретінде берілді, 8978 бас ірі мал кедейлерге таратылды. Тәркіленген малдан 67 колхоз 2,5 мың бас ірі қара мал алған. Сонымен қатар байлардан алған малдың есебінен кедейлер мен батырақтар 21 колхоз құрған (БҚОМА. 133-қ. 1-т. 4-іс. 217-п.).

1928 жылғы 1 қазандағы мәлімет бойынша Орал округінде жалпы саны 307 колхоз тіркелді. Олардың қатарына 6 коммуна, 217 артель, 16 ТОЗ, 68 қарапайым өндірістік бірлестіктер кірді. Бұл кезеңде коммуналардың саны қысқарып, ауыл шаруашылық артелдерінің саны арта түскен. Аудандар бойынша колхоздар мен қарапайым өндірістік бірлестіктердің саны төмендегі кестеде жіктеліп көрсетілген.

2-Кесте – Аудандар бойынша колхоздар саны
(БҚОМА. 348-қ. 1-т. 9-іс. 2-п.)
[Table 2 – Number of collective farms by district
(SAWKR. F. 348. In. 1. C. 9. P. 2.)]

Аудандар	колхоздар					қарапайым өндірістік бірлестіктер						барлығы	% қорыт.
	коммун. а	артель	а/ш серікт.	барлығы	% қорыт.	машина. серікт.	мелиоратив	мал шаруаш.	тұқым	барлығы	% қорыт.		
Теплов	5	19	4	28	11,8	8	1	4	3	16	23,1	44	14,2
Камен	-	20	1	21	8,9	1	-	6	-	7	10,1	28	8,8
Ілбішін	-	1	-	1	0,4	1	-	-	-	1	1,4	2	0,6
Зауральн.	1	22	6	29	12,2	9	-	7	1	17	24,6	46	14,9
Шалқар	-	26	-	26	10,8	-	3	7	-	10	14,5	36	11,3
Жымпиты	-	7	2	9	3,8	-	2	1	-	3	4,3	12	3,5
Қаратөбе	-	2	2	4	1,6	-	-	-	-	-	-	4	1,2
Тайпақ	-	3	-	3	1,2	-	-	4	-	4	5,8	7	2,4
Шежін	-	5	-	5	2,1	-	-	1	1	2	2,9	7	2,4
Слаухин	-	7	-	7	2,9	-	1	1	-	2	2,9	9	2,9
Жаңақала	-	14	-	14	5,8	-	-	-	-	-	-	14	4,8
Талов	-	20	1	21	8,7	-	-	1	-	1	1,4	22	6,9
Жәнібек	-	51	-	51	21,3	1	-	4	-	5	29,6	56	19,7
Орда	-	20	-	20	8,5	-	-	-	-	-	-	20	6,4
Барлығы	6	217	16	239	100	20	7	36	5	68	100	307	100
% қорыт.	2,5	90,8	6,7	-	100	28,9	10,1	52,1	8,9	-	100	-	-

Колхоз құрылысының қарқыны, әсіресе, Теплов, Камен, Зауральный, Шежін, Жәнібек аудандарында жоғары болды. Колхоздардың құрамына 1/Х-1927 жылы 1411 шаруашылық кірсе, 1/Х-1928 жылы 2263 шаруашылықтың басын біріктірді. Орта есеппен 1 колхозға 9,4 шаруашылықтан келді. 1/Х-1928 жылы колхоздардың жерді пайдалануы орта есеппен 142,2 га, егістік 23,1 га құрады. 1928 жылы округте 65 трактор жұмыс жасады. Колхоздардағы қоғамдастырылған капиталдың көлемі 344, 2 мың сом болды, оның ішінде құрылыстағы қаражат 33 мың сомды, заттай құрал-саймандар 116 мың сомды, мал басы 195,3 сомды құрады. 1928 жылы Орал округіндегі малдың жалпы саны 1 млн. 900 мың басқа жетті (БҚОМА. 348-қ. 1-т. 9-іс. 1-2-пп.)

Орал округіндегі колхоздардың барлық түрлерінің әлеуметтік құрамы бойынша 1/Х-1927 жылы кедейлер – 56,9 %-ды, орташалар – 30,8 %-ды, ауқаттылар – 12,8 %-ды құрады. 1/Х-1928 жылы кедейлер – 84,4 %-ды, орташалар – 10,3 %-ды, ауқаттылар – 5,3 %-ды құрады. Бұл көрсеткіштен колхоздардағы орташалар мен ауқаттылардың үлесі кемігенін, кедейлердің саны арта түскенін көреміз (БҚОМА. 348-қ. 1-т. 31-іс. 14-п.).

Батыс Қазақстан өңірінде колхоз құрылысының дамуында 1928 жылы қазанда өткен колхоздардың алғашқы округтік съездері, одан кейін сол жылдың қарашасында өткен колхоздардың республикалық съезі елеулі рөл атқарды. 1929 жылдың көктемінен бастап Орал округіндегі колхоздардың саны арта түсті, мысалы, Қаратөбе ауданында небәрі 4 колхоз болса, 27-ге, Тайпақ ауданында 3 колхоз болса, 11-ге, Слаухин ауданында 7 колхоз болса, 20-ға жетті және т.б. Сонымен бұл кезеңде Орал округінде 397 колхоз болды, оның 373-і артель, 14-і ТОЗ, 10-ы коммуна (БҚОМА. 348-қ. 1-т. 31-іс. 9-п.). Дегенмен 1929 жылдың 17 желтоқсанында кедейлердің округтік конференциясының екінші күнінде жасалған Қыдырғалиевтың баяндамасында округтегі колхоздар жүйесі 28000 шаруашылықты біріктірген 430 колхозды құрайтындығы, оның 14-і ірі колхоз екендігі айтылған. Сонымен бірге оның дерегі бойынша Шалқар ауданының 80,7 %, Теплов ауданының 52 %, Талов ауданының 38 %, Зауральный ауданының 30 %, Слаухин ауданының 29 %, Жәнібек ауданының 29 % ұжымдастырылған, округтегі егістік көлемі 84000 гектарға жеткен. Сөйтіп, 1929 жылдың соңына дейін колхоздар санының өскендігі, қарапайым бірлестіктермен қатар

есептеліп тұрғандығы және қалған аудандарда ұжымдастыру көрсеткішінің төмен екендігі байқалады (Красный Урал газеті, 1929а: 3).

Жергілікті партия комитетінің деректері бойынша егер 1928 жылы колхоз секторының үлесі егіс алқабының 2,3 %-ын ғана алып жатса (бар болғаны 4573 га егін сепкен), 1929 жылы астық шаруашылығындағы колхоздардың үлесі 38,6 %-ға дейін өсті. Мысалы, 1928 жылы округтегі егістік көлемі 200,6 мың десятина болса, астық түсімі 8771 мың пұт болды.

Колхоздар құрылған алғашқы күннен бастап мемлекеттен ақшалай несие ала бастады. Мәселен, 1929 жылғы егіс науқанында ғана округ колхоздары 222,9 мың сом несие алды. Сонымен қатар колхоздарға 6118,5 центнер тұқымдық материалы бөлінді. Шаруашылықтарды техникамен қамтамасыз етуге де көңіл бөлінді. 1929 жылғы егіс науқаны кезеңінде округ колхоздары 6 трактор, 234 соқа, 546 тырма, 63 дәнсепкіш және тағы басқа ауыл шаруашылық техникаларын алды (БҚОМА. П-36-қ. 1-т. 434-іс. 2-п.).

Ұжымдастыру кезеңінде Орал округінде астық дайындау науқаны жыл сайын кеңес өкіметінің саясатына сәйкес жүзеге асырылды. 1929 жылдың желтоқсан айының басында «Красный Урал» газетінде жарияланған астық дайындау көрсеткіші бойынша Жаңақала (355,9 %), Сламixin, (192,4 %), Шежін (110,5 %), Казталов (115 %), Камен (102,9 %), Жымпиты (107,4 %) аудандары жылдық жоспарды артығымен орындаған. Жоспарды орындауға Зауральный (99,7%), Қаратөбе (94,8 %) аудандары жақын екендігі, ал Жәнібек (83,5 %), Орда (80,2 %), Теплов (68,6 %), Шалқар (64,1 %), Ілбішін (43,5 %) аудандарының артта қалғаны көрсетілген. Тайпақ ауданының жауапты органдарының астық дайындау жөнінде жалған ақпарат бергендері баса айтылған. 1929 жылдың 6 желтоқсанында Орал округіндегі жалпы астық дайындау көрсеткіші 98,9 % жеткен. (Красный Урал газеті, 1929б: 2).

1930 жылдың басынан бастап бүкіл одақ бойынша жаппай ұжымдастыру қолға алынды. Орал округінен бұл шараға бастапқыда астық аудандары ілікті. 1930 жылғы мамырдағы II Орал округтік партия конференциясының мәліметтері бойынша жаппай ұжымдастыру науқанына 6 ауданды дайындау қарастырылған, 1931 жылы оған 2 ауданды қосу көзделген. Округтік партия комитеті өңірдегі ұжымдастыру мәселесіндегі, оның ішінде колхоз құрылысы қарқынындағы олқылықтарды атап көрсеткен. Жаппай ұжымдастыру барысында көшпелі және жартылай көшпелі қазақ ауылдарының жағдайы ескерілмегені айтылған. Тіпті, өңірдегі жауапты өкілдер Қазақ өлкелік атқару комитетіне жаппай ұжымдастыруға округтің 13 ауданы дайын екендігі жөнінде асығыс ақпаратты беріп жіберген (БҚОМА. П-36-қ. 1-т. 326-іс. 1-п.).

Колхоз құрылысындағы кемшіліктер мен асыра сілтеушіліктерді партия ұйымы одан әрі ашып көрсеткен. Колхоз құрылысындағы негізгі кемшіліктері мынада екен, біріншіден, сападан гөрі сандық көрсеткіштерге бой алдырушылық; екіншіден, шаруа қожалықтарын колхоздарға қосуда ғана емес, колхозшылардың меншігін қоғамдастыру кезінде де жоғары пайыздарға жетуге ұмтылушылық; үшіншіден, «гигантомания» деп аталатын – аудандардың мүмкіндік жағдайларын есепке алмай колхоздарды ірілендіруге тырысушылық; төртіншіден, партияда жоқ адамдарды, әсіресе, орта тапты колхоздарды басқару қызметінен алшақтату, әкімшілік кедергілердің болуы; бесіншіден, кедейлер топтарын құрудан бас тарту, тіпті, кедейлер мен батырақтарды колхоз жұмыстарына араластырмау (БҚОМА. П-36-қ. 1-т. 326-іс. 12-п.).

1930 жылғы 1 сәуірдегі дерекке сүйенер болсақ, Орал округінде 9 коммуна, 264 артель, 65 гигант болды. Колхоздардың құрамына 65053 шаруашылық кірді, сөйтіп, округтегі жалпы ұжымдық шаруашылықтар 69 % құрады. Бұл кезеңде колхоздар ірілендірілген, егер 1929 жылы 1 колхозға 65 шаруашылықтан келсе, 1930 жылы ол көрсеткіш 240 шаруашылыққа жеткен. 173665 бас мал қоғамдастырылған, оның 70676 бас малы колхоздардың қолданысына берілсе, 102989 бас мал ет өніміне арналған (БҚОМА. П-36-қ. 1-т. 326-іс. 2-п.).

Колхоздар көптеп құрылып қана қойған жоқ, олардың жабылып қалу, жұмыстарын дұрыс атқармау, аты бар да, заты жоқ жалған колхоздар құру, жергілікті билік өкілдерінің өтірік мәлімет беру жағдайлары да орын алып отырды. Шаруалар да колхоздарға кіруге құлық танытпады. Архив дерегі бойынша 1928 жылдың өзінде 87 артель, 18 ауыл шаруашылық серіктестіктері тарап кеткен (БҚОМА. 348-қ. 1-т. 9-іс. 5-п.).

1930 жылдан кейінгі өңірдегі колхоздардың жалпы санын шығару мүмкін болмай қалды. Себебі 1930 жылдың аяғында округтер таратылып, аудандар ірілендірілген болатын. Сондықтан 1931-1932 жылдарға қатысты бірыңғай дерек жоқ. Дегенмен 1928 жылғы бес жылдық жоспар бойынша колхоздардың санын 1931 жылы 482-ге, 1932 жылы 567-ге, 1933 жылы 659-ға жеткізу көзделген (БҚОМА. 348-қ. 1-т. 9-іс. 32-п.).

Батыс Қазақстан облысындағы кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясаты кедергісіз жүрді деп айта алмаймыз. Ұжымдастыруға қарсы бүкіл Қазақстанда орын алған шаруалардың наразылықтары, Батыс Қазақстан облысында да болды. Мұны архивте сақталған партия ұйымдарының баяндамаларынан, жергілікті кеңестік атқарушы биліктің ресми хаттарынан, ОГПУ секілді құзырлы органдардың ақпарларынан байқаймыз. БҚО архивінен ОГПУ-дың Орал округтік бөлімінің ұжымдастыру және сол кездегі тұрғындардың көңіл-күйлері туралы, мемлекеттік аппараттағы тазалаулар, көктемгі егіс науқанына дайындық жөніндегі арнайы ақпарлары табылды. Сол құжаттарда келтірілген мәліметтердің бірқатарына тоқталып өтейік.

1930 жылғы 15 қаңтардағы ОГПУ-дың өңірлік бөлімінің арнайы ақпарында жергілікті жерлерде көктемгі егістікке қажетті тұқымдық қорын жасақтау науқаны кезінде кулак, ауқатты, орта және кедей шаруалардың бидай тапсырудан үзілді-кесілді бас тартып отырғаны айтылған. Мұны олар астық дайындау кезеңінде қолдарында бар барлық бидайды өкіметке тапсырғандарымен түсіндіріп, енді олардың өздерінде жейтін ештеңе қалмағанын жеткізген. Кейбірі, негізінен кедейлер мен орташалар астық тұқымын мемлекеттен аламыз немесе көршілес Орынбор, Самара, Ақтөбе округтерінен астық тұқымын алуға рұқсат аламыз деп үміттенеді. Астық тұқымын тапсырудан бас тартқан кулактар дүние-мүлкін тастап, бір түнде тұрғылықты жерлерінен кетіп қалып отырған. Зауральный ауданының селолық кеңестерінің бірінде тұқым қорын жинау жөнінде құрылған комиссия мүшелері жұмыс істеуден өз еріктерімен бас тартқан. Жалпы тұрғындардың көңіл-күйі өз есебімізден астық тұқымын жасақтау мүмкін емес, көктемде егістікке себетін ештеңе жоқ дегенге келіп тірелетінін атап көрсеткен (БҚОМА. 392-қ. 1-т. 168-іс. 24-27-пп.).

ОГПУ-дың аталмыш ақпарында адамдардың аштықтан ісініп кеткені, селолық жерлердегі тұрғындардың үдере көшіп жатқаны және саясаттың ауыртпалығы орташаларға да түсіп отырғаны баяндалған. Онда «Теплов ауданы, Шапошников селолық кеңесінің тұрғындары, малшы Лукьянченко Василий 8 адамнан тұратын отбасымен бірге ашыққаннан денелері ісінген, батырақ Рехт Егор отбасындағы 3 адамымен бірге дұрыс тамақтанбағаннан ісініп кеткен. Комбинат артелдерінде жұмыс жасайтын адамдардың аштықтан ісінгендер саны 3–5 пайызға жеткен. 15–20 отбасы тек картоппен ауқаттанады, оның қоры да таусылуы жақын. Аштықтан қалжыраған оқушы балалардың мектепке баруы да азайып кеткен, оларға ешкім нан беріп көмектеспейді.

Тұрғындардың өз қоныстарын тастап кетіп жатқаны да байқалады, шамамен соңғы 2–3 аптаның ішінде сол селолық кеңестен 240 шаңырақ Сібірге, Орта Азияға, ал 10 шаңырақ Украинаға кеткен. Олардың басым бөлігі кедей және әл-ауқаты төмен орташалар. Селолық кеңестердің адамдардың тұрғылықты жерінен рұқсатсыз кетуіне тиым салатынын білетін тұрғындар қулыққа барып, түнде үйлерінің шамын жағып, терезелерінен жарық түсіріп, мал-мүлкін тастап жасырынып қашып шығады.

Тұқым қорының ауыртпалығы тек ауқаттыларға ғана емес, сонымен қатар бір жылқысы мен екі сиыры бар аз қамтылған орта шаруаларға да түсіп отыр, бақылау көрсеткіштерін орындамағаны үшін жергілікті ұйымдар осындай 20 шақты шаруашылықтың мал-мүлкін сата бастады», - деп жазған (БҚОМА. 392-қ. 1-т. 168-іс. 26-п.).

1930 жылғы 25 ақпандағы ОГПУ-дың Орал округтік бөлімінің арнайы ақпарында округ тұрғындарының азық-түліктік қиындықтарға және аштық жағдайларының орын алуына байланысты көңіл-күйлері жазылған. Мысалы, Астық одағының № 5 диірменінің жұмысшылары күнделікті берілетін азық-түлік нормасының біркелкі еместігіне наразылықтарын білдірген. Вывовщиков Григорий: «Биліктің адамның ішіп-жер тамағына араласуы не қылған нәрсе, нан мен етті алып, шетелге асырып жатыр, ал өздерінің жұмысшыларын аштықтан қырып жатыр. Бізге күніне 300 грамм нан, 100 грамм ет береді, ал

басқа қалаларда 1 кг нан, май және тағы басқаларын береді, мұнда тек қана өзіміздің жеуімізден ауыспайды, ал отбасы аш қалады», - деп айтқан.

Тағы бір жұмысшы Кузмин Дмитрий: «Бұлар бізден азамат соғысы кезінде ақ гвардияшылардың жағында болғанымыз үшін кек алып жатыр, олардың сарқыншақтары билікке келіп алып бізді мүйіздеп әкетіп барады. Екінші революция қажет», - деп айтқан. Осылайша бұлардан басқа да Орал қаласындағы және оның маңындағы диірмен, холодильник, мехзауыт және құрылыс жұмысшылары алалаушылыққа жол беріп отырған билікті сынға алып, әділдік, теңдік орнату үшін күрескен (БҚОМА. 392-қ. 1-т. 168-іс. 61–62-пп.).

Құзырлы органның арнайы ақпары бойынша аудандық жерлердегі қызметкерлердің және шаруалардың жағдайы тым ауыр болған. Аудандарға астықтың уақытында жетпеуіне байланысты мекеме қызметкерлері күнделікті берілетін 300 грамм нанды да ала алмайтын. Мәселен, 1929 жылы желтоқсан айында Ілбішін ауданы, Калмыков поселкесінің пошта-телеграф бөлімшесінің меңгерушісі, БКП (б) ұяшығының хатшысы Никитин округ орталығына телеграмма жіберуге мәжбүр болып, егер 3 күн ішінде қызметкерлерді нанмен қамтамасыз етпейтін болса олар жұмысты тастап, Оралға баратындарын айтқан. Дәл осындай жағдайға байланысты аудандық ауруханалардың бірқатар қызметкерлері / Жымпитыдағы дәрігер Чуриков және т.б./ жұмыстарын тастап, Окрздравотделдің рұқсатынсыз басқа қалаларға кетіп қалған.

Оралға кетпекші болғандардың бірі, Ілбішін П/Т кеңсесінің меңгерушісі Сферовский: «Мен бір ай бойы нансыз отырдым, тек ет жедім, балалар жылап нан сұрайды, бірақ оны алатын жер жоқ. Мен жұмысымды тастап, басым ауған жаққа кетіп қаламын, мейлі мені тұтқынға ала берсін», - деп айтқан. ОкрЗУ қызметкерлері, соның ішінде жер өлшеушілер де Орал округінен кетіп қалғысы келетіндерін білдірген, бірақ олар еңбек тәртібі бойынша ешқайда кете алмайды екен.

Сламихин поселкесінің мұғалімі Быченкова 2 фунт ұнды Ленинградтағы таныстарынан алдырғанын, бұған дейін оның азығы тек ет болғанын мәлімдеген (БҚОМА. 392-қ. 1-т. 168-іс. 62-63-пп.).

Шаруаларға нан үкіметтен арнайы түрде мүлдем бөлінбейді, сондықтан кедейлер тек ет жеуге, амалсыздан соңғы малдарын сойып тастауға, ал кейбірі қайыр сұрауға және шөп-шөңгелерді жеуге мәжбүр болған. Осындай адам төзгісіз жағдайлардан кейін шаруалар билікке наразылықтарын білдіріп, арыз-шағымдарын жеткізген. Нақтырақ айтар болсақ, Сламихин ауданы, Березов селолық кеңесі, Ялов хуторының байғұс кедейі Глухова Анна: «Аштан қатқанша, түрмеде отырғаным артық, әйтеуір онда нанмен тамақтандырады», - деген.

Ілбішін ауданы, Коловертный поселкесінің кедейлері Нагибина Александра, Запрометов Г. және Зрячкина Раиса: «Бір үзім нан жоқ, балалар аш, мына билік бізді аштан қырғысы келіп отырған сияқты», - деп айтқан.

Жымпиты ауданының №13 ауылындағы кедейлер Көпжасаров Әбдірахман, Иманалиев Хәкім және басқалары, барлығы 8 адам аш жүрген, себебі олар өздерінің алдындағы соңғы қалған малдарын сойып тастап, енді ішерге ас болмағасын ауылды аралап қайыр-садақа сұрап кеткен. Қаратөбе ауданының №13 ауылынан 8, №20 ауылынан 5 кедей адам тап осындай жағдайға душар болған.

Қаратөбе ауданының № 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24 және 25 ауылдарының кедейлері мен батырақтары аштыққа ұшырап, әр ауылдан кемінде 10 шаңырақ мия тамыры сияқты жерден алынған шөп-шөңгені қорек еткен. Оның үстіне осы ауданның кейбір ауылдарындағы, мысалы №6 ауылындағы ашыққандардың қатары 50 пайызға дейін жеткен.

Теплов ауданы, Пылаев селолық кеңесі, Щучкин хуторында кедей Подпрыга ит терісін жеген, Кожевников хуторында кедей Курохтин Ефим түйенің ботасын сойып жеген.

Зауральный ауданы, Покатиловка поселкесінде екі кедей отбасы, Алексеевка поселкесінде 3 отбасы аштықтан ісініп кеткен. Покатиловка поселкесінің кедейлері Тапешко мен Никонов бұл жерде аштан өлмеу үшін Орталық Азия жаққа бармақшы болған. Теплов ауданы, Сергиевск поселкесінде 5 отбасы аштықтан ісініп кеткен. Жаңақала ауданының

№ 19 ауылындағы 318 шаруашылықтың тең жартысы, негізінен батырактар мен кедейлер тек ұсақ балықтарды азық еткен.

Астық тапшылығына байланысты шаруалар қолда бар бағылатын, сауынды және жұмыс күші ретінде пайдаланатын малының көпшілігін сойып тастаған және тамаққа қолданған. Осындай жағдай тіпті кейбір колхоздарда да орын алған, мысалы, Зауральный ауданы, Федоровка поселкесіндегі «Интернационал» колхозында кедей 60 шаруашылық аштыққа ұшыраған. Рябokonь Иуда, Калашников Ульяна және басқалары колхоз басқармасының рұқсатымен етке мал сойған және тек қана 11/1-а.ж. 9 жылқы сойылған.

Азық-түліктің жетіспеушілігі салдарынан 9 орта шаруа колхоздан шығып, Ташкентке күнкөріс үшін кеткен. Кейбірі табыс табу үшін Донбасқа жұмысқа кеткен. Ашаршылыққа ұшыраған халыққа бөлінген 70 пұт ұсақталған астықтың жетпейтіні айтылған. Ілбішін ауданы, Ілбішін поселкесіндегі және Орал қаласындағы балық аулау артелдері мүшелері арасында да дұрыс тамақтанбай жүргендердің бар екені байқалған (БҚОМА. 392-қ. 1-т. 168-іс. 63-64-пп.).

1930 жылғы мамыр айындағы II Орал округтік партия конференциясының деректері бойынша 1928-1930 жылдары колхоз құрылысы кезінде өңірде таптық шиеленіс күшті болған. Ұжымдастыру барысында байлар мен кулактарды тап ретінде жою басым бағыт болғанын атап көрсеткен. Тазалау шаралары нәтижесінде колхоздардан шамамен 559 байлар мен кулактар шығарылған. Партия ұйымының баяндамасында байлар мен кулактарды, дін өкілдерін кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясатына ашық қарсы шығып, саяси-шаруашылық науқандарына кедергі келтірді, кедейлер мен орташаларды колхоздан шығып кетуге көндірді, малдарын жаппай жойып жіберді және билікке қарсы үгіт-насихат жүргізді деп айыптап көрсеткен. Мұндай наразылықтар Сламихин, Азғыр, Талов және Жаңақала аудандарында орын алған. Партияның пайымдауынша изолятордан босап шыққан кейбір байлар және колхозға қарсы үгіт-насихат тобының жетекшілері басқа да қылмыстық элементтермен бірігіп өздерінің ойларын жүзеге асырған (БҚОМА. П-36-қ. 1-т. 326-іс. 9-10-пп.).

Талов, Жаңақала аудандарында және т.б. жерлерде колхозшылардың колхоздардан жаппай шығып кету фактілері жиі тіркелген. Талов ауданындағы бір колхоздан адамдардың топ-тобымен шығып кетуінің басты себебі уәкілетті өкілдің колхозшыларға жасаған озбырлығы еді. Сонымен қатар шаруалардың наразылықтары егістік жұмыстарына шықпай қою және басқа да шаруашылық жұмыстарын орындамау сияқты түрде көрініс тапқан.

Жаңақалада бір топ шаруалар колхоздан шықпақшы болған кезде жергілікті органдар 2 колхозшыны тұтқындап, қамауға алады. Мұны естіген колхозшылардың қалған бөлігі, барлығы 250 адам аудан орталығына келеді. Наразы топ изолятордың күзетшісінің қаруын тартып алып, 2 колхозшысын босатып, қаруды кері қайтарып берген, «изолятордағы басқа тұтқындарды не істесеңдер де өздерің біліңдер, біз өз адамдарымызды алып кетеміз», - деген. Аудан билігі бұл оқиғаны бүлік деп бағалап, округ орталығына телеграф арқылы хабар жіберген (БҚОМА. П-36-қ. 1-т. 326-іс. 15-16-пп.). Бұл наразылықты 1930 жылы көктемде Жаңақала ауданының №1 ауылының азаматтары ұйымдастырған. 1930–1931 жылдардағы Жаңақала көтерілісі тарихындағы оқиғалардың бірі болып табылады.

Жымпиты ауданында да колхозшылардың бір бөлігі колхоздан шығатынын айтады, алайда бұған жол бермей оларды тұтқындайды. Колхозшылар мұндай заңсыздыққа наразылық білдіріп, арты жанжалға әкеліп соқтырады. Соның салдарынан билікке бағынбағандарды тыныштандыру үшін қару қолданылып атыс болады, ақырында 3 колхозшы қаза табады (БҚОМА. П-36-қ. 1-т. 326-іс. 16-п.).

ОГПУ-дың Орал округтік бөлімінің 1930 жылғы 7 сәуірдегі ақпары бойынша Жымпиты ауданында шаруалардың наразылығы барысында атыс болғаны жөнінде тағы бір дерек бар. Онда «Жымпиты ауданының №20 ауылының байлары, барлығы 20 адам аңшы мылтықтарымен қаруланып, ауылдық кеңеске шабуыл жасады. Олар «Қаруыңды таста, Кеңес өкіметі жойылсын» деп ұрандатқан. Біздің отрядпен атыс кезінде қарсыласушылар жағынан бір адам өлді, екеуі жараланды және бесеуі тұтқынға алынды. Біз жақтан шығын жоқ», - деп жазған (БҚОМА. 392-қ. 1-т. 168-іс. 167-п.).

Халық наразылығының бір түрі, әрі жан сақтаудың амалы үдере көшу болды. Бұл кезеңде Батыс Қазақстан облысынан Еділ өңіріне және Түркіменстанға 35 мың шаруа қожалықтары көшіп кеткен. Оның 287-і Жаңақала ауданынан шыққан және олар 1930 жылдың тамыз айында-ақ көшіп үлгерген. Бұл шаруа қожалықтарының 176-ы немесе 61,3 % кедей-батырақтар, 100-і немесе 35 % орташалар, тек қана 11-і немес 3,9 % байлар болды.

1930 жылғы тамыз айындағы дерек бойынша Талов ауданынан 4000, Жәнібек ауданынан 1545, Сламихин ауданынан 400, Жымпиты ауданынан 1833, Тайпақтан 639 шаруа қожалықтары, ал Қаратөбедегі шаруа қожалықтарының 50 % көшіп кеткен. Еділ өңіріне көшіп кеткендерді қайтару шаралары көп нәтиже бермейді. Себебі келгендерін колхозға қайтадан қабылдамай, екі ортада қарапайым халық дағдарып қалады (Рысбеков, 1997: 125-126).

Ұжымдастырудың бастапқы кезеңінде құзырлы органдар үкіметке артық астық тапсырмады деген желеумен шаруаларды жаппай жазалады. Мысалы, 1930 жылғы 3 қаңтардағы үштіктің үкімімен Орал қаласының төңірегіндегі орыс селоларынан және Жымпиты ауданынан барлығы 36 адамды бір күнде ату жазасына кескен. Осылайша кеңес өкіметінің шаруаларға қарсы жүргізген репрессиялық саясатының кесірінен жазықсыз жандар нақақтан атылып кете барды. Бұл жерде кеңес өкіметі байлар мен кулактарды тап ретінде жою мақсатын қойды. Себебі олардың көпшілігі кулактар, ақтар армиясының қатарында болған орыс-казактар, эсерлік ұйымның бұрынғы мүшелері, байлар, ишан-молдалар еді. Бұлардан басқа шаруаларды әртүрлі мерзімге концлагерлерге айдады (Хайдаров, 2022: 56–75).

1929 жылы Жымпиты ауданының №15 және №19 ауылдарында кеңес билігіне қарсы бас көтерулер орын алды. 1930 жылы 31 қаңтарда РСФСР-дың ҚК-ның 58–8, 58–9, 58–10, 58–11 баптары бойынша 16 адамды айыптады. Оларға қатысты 1930 жылы 15 наурызда ОГПУ үштігінің шешімі шығып, 5-і ату жазасына кесілді, қалғандары концлагерлерге айдалды және жер аударылды (Хайдаров, 2022: 42–43).

1930–1931 жылдары Жаңақала көтерілісі болды. Көтерілістің барысында 150–200 адам жиналған наразылық оқиғалары орын алды. 1931 жылы наурыз айында ОГПУ-дың жазалаушы отрядымен қарулы қақтығыстар жүрді. ОГПУ-дың репрессиялық әрекеттерінің салдарынан 360-тан астам адам тұтқындалды, тергеу барысында 71 адам аурудан немесе аштықтан өлді, 1932 жылы 25 ақпанда РСФСР-дың ҚК 58–2, 58–8, 58–10 баптары бойынша 129 адамға үкім шықты. Олар әртүрлі мерзімге концлагерлерге қамалды (Рысбеков, 1997: 123–135).

БҚО полиция департаментінің арнайы мемлекеттік архивінің деректері бойынша ұжымдастыру жылдарында Орда ауданынан 9 адам, Жәнібек ауданынан 9 адам, Шыңғырлау ауданынан 16 адам контрреволюциялық әрекеттерге айыпталып сотталды (Хайдаров, 2022: 119, 136, 151). Бұлардан басқа да кеңес өкіметінің саясатына қарсы шыққандары үшін жекелей сотталған адамдардың қатары көп болды.

Ұжымдастыру жылдарындағы жергілікті билік органдарының жіберген қателіктеріне қарамастан 1932 жылдың маусым айынан бастап 8 ауданда жаппай ұжымдастыруды жүзеге асыру көзделген. ОГПУ-дың 1932 жылғы 19 маусымдағы мәліметі бойынша Батыс Қазақстан облысындағы кедей-орташа шаруа қожалықтарының 82 %, ал Жәнібек ауданында 98 %, Шыңғырлау ауданында 97 %, Жымпиты ауданында 92 %, Орал ауданында 90 % ұжымдастырылған. Сонымен қатар жаппай ұжымдастыру шаралары таза мал шаруашылығымен айналысатын аудандарды да қамтыған. Олардың көрсеткіші тиісінше Маңғыстау ауданында 64,5 %, Жылқосын ауданында 70,5 %, Тайпақта 70 %, Орда ауданында 66 % құраған (Рысбеков, 1997: 127).

Қорытынды

Кеңес өкіметі шаруалардың наразылығына қарамастан Қазақстанда, оның ішінде Батыс Қазақстан облысында ұжымдастыруды күштеу әдістері арқылы толық жүзеге асырды. Өйткені, мұндай өктем саясаттың артында «алып машина» сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе және оның Қазақстандағы өкілі, «шаш ал десе, бас алатын» Голощекиннің «Кіші Қазан» курсы тұрған еді. Социалистік құрылысты күштеп енгізу шаруалардың жағдайының күрт

нашарлауына, олардың кеңес өкіметінің саясатына наразылық білдірулеріне алып келді. Сонымен бірге Қазақстанның барлық өңірінде көшпелі мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырауына, дәстүрлі қазақ қоғамының ыдырауына, халықтың аштыққа тап болуына әкеліп соқтырды.

Батыс Қазақстан облысында ауыл шаруашылығын ұжымдастыру қарқынды түрде жоспарға сәйкес жүргенімен ОГПУ-дың ақпарлары, партия ұйымдарының баяндамалары бойынша жергілікті жерлердегі жауапты адамдар қателіктерге бой алдырып, асыра сілтеушіліктерге барған, халық наразылықтары, аштық жағдайлары, босқыншылық орын алған. Зерттеу нәтижесінде 1928–1932 жылдары Батыс Қазақстан облысында ұжымдастыру саясатына қарсы наразылықтардың ауқымы кең болғанына көз жеткіздік. Бұл кезеңдегі оқиғалар басында Орал округінің, кейінгі Батыс Қазақстан облысының Азғыр, Жымпиты, Бөрлі, Зауральный, Камен, Жаңақала, Ілбішін, Орда, Жәнібек және Шыңғырлау аудандарын қамтыған. 1930–1931 жылдардағы Жаңақала көтерілісі ғана қарулы көтерілістер санатына жатады. Өйткені көтеріліс штабтары құрылған, ұйымдастырушы жетекшілері болған, көтерілісшілердің қатары көп болған және олардың жазалаушы отрядпен шайқастары болған. Батыс Қазақстан облысындағы халық көтерілістері мен наразылықтары қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының бір бөлшегі болып табылады. Көтерілісшілердің тәуелсіздік, бостандық, саяси еркіндік, әділетсіздікпен күрес жолындағы идеялары қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының идеяларымен, арман-мұраттарымен үндесіп жатыр. Бүгінгі ұрпақ тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегенін, осы кезеңдегі ержүрек ата-бабаларымыздың күресі, жан қиналысы, қан төгісі арқылы келгенін ұғынуы қажет.

Sources

SAWKR — State Archive of West Kazakhstan Region

Дереккөздер

БҚОМА — Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві

References

Abdrzakov, 1975 — *Abdrzakov T.A. Zakonomernosti postroeniya socialisticheskoy ekonomiki v nacionalnyh rayonah SSSR (na materialah Kazahskoy SSR)* [Patterns of construction of socialist economy in national regions of the USSR (based on materials of the Kazakh SSR)]. Alma-Ata: “Science” of the Kazakh SSR, 1975. 272 p. (In Russ.).

Allaniyazov, 2024 — *Allaniyazov T.K. Vooruzhennye vystupleniya i povstancheskie dvizheniya 1929–1931 godov v Kazakhstane: istoriografiya i istochnikovedenie*. [Armed uprisings and rebel movements of 1929–1931 in Kazakhstan: historiography and source studies]. Karaganda: TOO “Arko Printing House”, 2024. 222 p. (In Russ.).

Batys Kazakhstan, 2023 — *Batys Kazakhstan oblysynyn akimshilik-aumaktyk kurylymy boiynsha anyktamalyk (1869–2015)*. [Directory of the administrative and territorial structure of the West Kazakhstan region (1869–2015)]. / compilers: Savgabaeva A.N., Tasmaganbetov O.A., Kalmenov M.D., Kurumbaev A.Sh. Oral: “Foundation for the Promotion of Scientific Research”, 2023. 380 p. (In Kaz.).

Haydarov, 2022 — *Haydarov E. Batys Kazakhstan oblysyndagy khalyk koterilisteri (1928–1932)*. [People's uprisings in West Kazakhstan region (1928–1932)]. Ural: Dana publishing house. 2022. 200 p. (In Kaz.).

Kindler, 2024 — *Kindler, Robert. Stalindik koshpendiler. Kazakhstan biligi zhane ashharshylyk [Stalins nomaden. Herrschaft und hunger in Kazakhstan]* / Robert Kindler. translation O. Akhmet. Astana: Foliant, 2024. 432 p. (In Kaz.).

Korolevskiy, 1957 — *Korolevskiy A.A. Massovoe kolkhoznoe dvizhenie i perekhod k sploshnoy kollektivizatsii v Zapadnom Kazakhstane* [Mass collective farm movement and transition to complete collectivization in Western Kazakhstan] // *Tezisy dokladov na XXI nauchnoy konferencii Uralskogo pedagogicheskogo instituta im. A.S.Pushkina*. Uralsk, 1957. Pp. 27–32.

Korolevskiy, 1958 — *Korolevskiy A.A. Podgotovka sploshnoy kollektivizatsii v Zapadnom Kazakhstane* [Preparation of continuous collectivization in Western Kazakhstan] // *Uchenye zapiski. V 4. Uralsk: Uralskiy gosudarstvennyy pedagogicheskii institut im. A.S. Pushkina*, 1958. Pp. 59–93.

Kozybaev and et. al, 1992 — *Kozybaev M.K., Abylkhozhin Zh.B., Aldazhumanov K.S. Kollektivizatsiya v Kazakhstane: tragediya krestyanstva*. [Collectivization in Kazakhstan: the tragedy of the peasantry]. Alma-Ata, 1992. 35 p. (In Russ.).

Krasny Ural Newspaper, 1929a — *Krasny Ural Newspaper*, 1929. December 3. No. 140.

Krasny Ural Newspaper, 1929b — *Krasny Ural Newspaper*, 1929. December 10. No. 143.

Nasilstvennaya kollektivizatsiya, 1998 — *Nasilstvennaya kollektivizatsiya i golod v Kazakhstane 1931–1933 gg.* Sbornik dokumentov i materialov. [Forced collectivization and famine in Kazakhstan 1931–1933. Collection of documents and materials] / Introductory article and comp. K.S. Aldazhumanov, M.K. Kairgaliev, V.P. Osipov, Yu.I. Romanov. Almaty: Foundation "XXI Century", 1998. 263 p. (In Russ.).

Neustadt, 1957 — *Neustadt S.A.* Socialisticheskoe preobrazovanie ekonomiki Kazakhskoi SSR v 1917–1937 godah (ot dokapitalisticheskikh otnosheni k socializmu, minuya kapitalizm). [Socialist transformation of the economy of the Kazakh SSR in 1917–1937 (from pre-capitalist relations to socialism, bypassing capitalism)]. Alma-Ata: Kazakh State Publishing House. 1957. 377 p. (In Russ.).

Ohayon, 2009 — *Ohayon, Isabelle.* Istoriya Kazakhstana v zapadnykh istochnikakh XII–XX v.v. T.11. Sedentarizatsiya kazakhov SSSR pri Staline. Kollektivizatsiya i sotsialnye izmeneniya (1928–1945 g.g.) / Isabelle Ohayon. per. s fr. A.T. Rakisheva; sost. B.M. Suzhikov. [Sedentarization of Kazakhs in the USSR under Stalin. Collectivization and social change (1928–1945)]. Almaty: «Sanat». 2009. 368 p. (In Russ.).

Omarbekov, 2018 — *Omarbekov T.* 1929–1931 zhyldardagy khalyg koterilisteri: Zertteu. [Uprisings of 1929–1931: Research]. Almaty: "Arys" baspasy. 2018. 480 p. (In Kaz.).

Rysbekov T. Usken ulke tarihy [History of the region where he grew up]. Ural. 1997. 180 p. (In Kaz.).

Sayasi kugyn-surgin, 2022 — *Sayasi kugyn-surgin* kurbandaryn tolyk aktau zhonindegi memlekettik komissianyn materialdary (XX qasyrdyn 20–50 zhyldary) – Materialy gosudarstvennoi komissii po polnoi reabilitatsii zhertv politicheskikh repressii (20–50 gody XX veka). V.27. Batys Kazakhstan oblysyndagy baylardy, kulaktardy tarkileu zhane zher audaru (1928–1932). [Materials of the state commission for the full rehabilitation of victims of political repression (20–50s of the XX century). Confiscation and deportation of the rich and kulaks in the West Kazakhstan region (1928–1932)]. Collection of documents and materials. Compiled by: Zh.N. Safullin, D.E. Yesenalina, A.K. Kosanova / General editor E.T. Karin. Astana. 2022. 375 p. (In Kaz.). (In Russ.).

Semenikhina, 1952 — *Semenikhina E.V.* Bolsheviki Kazakhstana v borbe za kollektivizatsiyu selskogo hozyajstva. [Bolsheviks of Kazakhstan in the struggle for collectivization of agriculture]. Alma-Ata: Kazakh State Publishing House. 1952. 158 p. (In Russ.).

Sharafutdinov, 2024 — *Sharafutdinov Z.* Baylar qalay tarkilendi [How the rich were confiscated]. Ural: "Shugyla Print". 2024. 88 p. (In Kaz.).

Tragediya kazakhskogo ayla, 2018 — *Tragediya kazakhskogo ayla.* 1928–1934: Sbornik dokumentov / Sost. A.S. Zulkasheva (otv.), G.T. Isakhan, Zh.A. Sataeva. [The tragedy of the Kazakh village. 1928–1934: Collection of documents]. Almaty: Raritet. 2018. 744 p. (In Russ.).

Tursunbaev, 1957 — *Tursunbaev A.* Pobeda kolhoznogo stroya v Kazakhstane. [Victory of the collective farm system in Kazakhstan]. Alma-Ata: Kazakh State Publishing House. 1957. 324 p. (In Russ.).

Zhumagulov, 2021 — *Zhumagulov B.S.* Surqiya sayasat soyqani [A dirty political whore]. Almaty: "Ush Kiyan" publishing house, 2021. 312 p. (In Kaz.).

Әдебиеттер

Абдразаков, 1975 — *Абдразаков Т.А.* Закономерности построения социалистической экономики в национальных районах СССР (на материалах Казахской ССР). Алма-Ата: «Наука» Каз ССР, 1975. 272 с.

Алланиязов, 2024 — *Алланиязов Т.К.* Вооруженные выступления и повстанческие движения 1929–1931 годов в Казахстане: историография и источниковедение. Караганда: ТОО «Типография Арко», 2024. 222 с.

Батыс Қазақстан, 2023 — *Батыс Қазақстан* облысының әкімшілік-аумақтық құрылымы бойынша анықтамалық (1869–2015) / Құраст.: Савгабаева А.Н., Тасмағанбетов О.А., Калменов М.Д., Курумбаев А.Ш. Орал: «Фонд содействия научным исследованиям», 2023. 380 б.

Жұмағұлов, 2021 — *Жұмағұлов Б.С.* Сұрқия саясат сойқаны. Алматы: «Үш Қиян» баспасы, 2021. 312 б.

Киндлер, 2024 — *Киндлер, Роберт.* Сталиндік көшпенділер. Қазақстан билігі және ашаршылық / Роберт Киндлер. ауд. О. Ахмет. Астана: Фолиант, 2024. 432 б.

Козыбаев и др., 1992 — *Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С.* Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алма-Ата: 1992. 35 с.

Королевский, 1957 — *Королевский А.А.* Массовое колхозное движение и переход к сплошной коллективизации в Западном Казахстане // Тезисы докладов на XXI научной конференции Уральского педагогического института им. А.С.Пушкина. Уральск. 1957. С. 27–32.

Королевский, 1958 — *Королевский А.А.* Подготовка сплошной коллективизации в Западном Казахстане // Ученые записки. Т. 4. Уральск: Уральский государственный педагогический институт им. А.С.Пушкина. 1958. 59–93 с.

Красный Урал газеті, 1929а — *Красный Урал газеті, 1929.* 3 желтоқсан. № 140.

Красный Урал газеті, 1929б — *Красный Урал газеті, 1929.* 10 желтоқсан. № 143.

Насильственная коллективизация, 1998 — *Насильственная коллективизация* и голод в Казахстане 1931–1933 гг. Сборник документов и материалов / Вступ.статья и сост. К.С.Алдажуманов, М.К.Кайргалиев, В.П.Осипов, Ю.И.Романов. Алматы: Фонд «XXI век», 1998. 263 с.

Нейштадт, 1957 — *Нейштадт С.А.* Социалистическое преобразование экономики Казахской ССР в 1917–1937 годах (от докапиталистических отношений к социализму, минуя капитализм). Алма-Ата: Казахское государственное издательство, 1957. 377 с.

Огайон, 2009 — *Огайон, Изабель* История Казахстана в западных источниках XII–XX в.в. Т. 11. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928–1945 г.г.) / Изабель Огайон. пер. с фр. А.Т.Ракишева; сост. Б.М.Сужиков. Алматы: «Санат», 2009. 368 с.

Омарбеков, 2018 — *Омарбеков Т.* 1929–1931 жылдардағы халық көтерілістері: Зерттеу. Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. 480 б.

Рысбеков, 1997 — *Рысбеков Т.* Өскен өлке тарихы. Орал, 1997. 180 б.

Саяси қуғын-сүргін, 2022 — *Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20–50 жылдары)* – Материалы государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20–50 годы XX века). Т. 27. Батыс Қазақстан облысындағы байларды, кулактарды тәркілеу және жер аудару (1928–1932 жж.). Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: Ж.Н. Сафуллин, Д.Е. Есеналина, А.Қ. Қосанова /Жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Карин. Астана, 2022. 375 б.

Семенихина, 1952 — *Семенихина Е.В.* Большевики Казахстана в борьбе за коллективизацию сельского хозяйства. Алма-Ата: Казахское государственное издательство, 1952. 158 с.

Трагедия казахского аула, 2018 — *Трагедия казахского аула. 1928–1934: Сборник документов* / Сост. А.С.Зулкашева (отв.), Г.Т.Исахан, Ж.А.Сатаева. Алматы: Раритет, 2018. 744 с.

Турсунбаев, 1957 – *Турсунбаев А.* Победа колхозного строя в Казахстане. Алма-Ата: Казахское государственное издательство, 1957. 324 с.

Хайдаров, 2022 — *Хайдаров Е.* Батыс Қазақстан облысындағы халық көтерілістері (1928–1932). Орал: Дана баспасы, 2022. 200 б.

Шарафутдинов, 2024 — *Шарафутдинов З.* Байлар қалай тәркіленді. Орал: «Шұғыла принт», 2024. 88 б.

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Алпысбес М.А.	
ШҮРШТҚЫРЫЛҒАН ШАЙҚАСЫ ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ЖАДЫСЫНДА.....	327
Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т.	
КЕЙІНГІ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	343

ТАРИХ

Адилова Ф.А., Колумбаева З.Е., Серубаева А.Т.	
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫНДАҒЫ ДІН МӘСЕЛЕСІ (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы).....	356
Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р.	
ГЕРЖОД ІСІ: АШЫЛМАҒАН АҚИҚАТ.....	367
Алпыспаева Г.А., Жұман Г., Аубакирова Х.А.	
XX ҒАСЫРДЫҢ 50–80-ші ЖЖ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕКТЕП БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНГЕ ҚАРСЫ ТӘРБИЕ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	382
Бекмағамбетова М.Ж., Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А.	
1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ «ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАТЕЛІКТЕР».....	399
Белялова А., Қаипбаева А.Т.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ (1931–1933 жж.).....	415
Дүйсембаева Н.Б., Жұматай С.	
XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ «МАМАНИЯ» МЕКТЕБІНІҢ ОРНЫ.....	427
Жолсеитова М.А.	
ОТАРЛЫҚ БІЛІК КОНТЕКСТІНДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: САЯСИ СТРАТЕГИЯЛАР МЕН ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДИСКУРСЫҢ ҒЫЛЫМИ ТАЛДАУЫ.....	442
Қаипбаева А.Т., Әбікей А.М.	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1931–1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАППАЙ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....	456
Легкий Д.М., Турежанова С.А., Нурушева Г.К.	
ҚАЗАҚ КСР-ІНДЕГІ МҰҒАЛІМДЕР ДАЯРЛАУ ТАРИХЫНАН (1950 ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	471
Мәлікова С.З., Абуов Н.А.	
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ АШТЫҚ ТАРИХЫ.....	488
Мұқанова Г.Қ., Ахметжанова А.Т.	
ДАЛА ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ҰЕЗДІК БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ НАРАЗЫЛЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫ. XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ.....	501
Мұхатова О.Х.	
АШТЫҚ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОРҒАНСЫЗ БАЛАЛАР ЖАҒДАЙЫ.....	516
Сағнайқызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А.	
ТҰРАҚТЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕТ ДАЙЫНДАУ МЕН ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА ҚАҒИДАТТАРЫНЫҢ БАЙЛАНЫСЫ (1927–1932).....	531
Сүлейменова Қ., Дауытбекова М.Қ., Құрманалина Н.Н.	
ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ОРНЫ (XVIII ғ.).....	543
Хайдаров Е.Е.	
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ НАРАЗЫЛЫҒЫ (1928–1932 жж.).....	559
Эгамбердиев М.Ш., Тургунбаев Е.М.	
ИМПЕРИЯЛЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДІНИ ТРАНСФОРМАЦИЯ.....	575

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Нұрланқызы Г., Бекназаров Р.А.	
АҚТӨБЕ – ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚАЛА (1869–1946 ЖЖ.): ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	589
Хабибуллин Е.И., Асылғожин А.Р., Рыскильдин А.Х.	
ГЕНЕТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР БОЙЫНША БАШҚҰРТТАРДЫҢ ҚЫПШАҚ ЖӘНЕ ТУЫСҚАН РУЛАРЫ (ТАЙПАЛАРЫ).....	603

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Алпысбес М.А. БИТВА ШУРШУТКЫРЫЛГАН В ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ НАРОДА.....	327
Ногайбаева М.С., Шакирбаева И.Т. ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНОГО СТАТУСА В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ ПОЗДНЕГО СРЕДНЕВЕКОВЬЯ...	343

ИСТОРИЯ

Адилова Ф.А., Колумбаева З.Е., Серубаева А.Т. РЕЛИГИОЗНЫЙ ВОПРОС В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В КАРКАРАЛИНСКОЙ ПЕТИЦИИ (конец XIX – начало XX вв.).....	356
Азирбекова А.Ж., Абишева Ж.Р. ДЕЛО ГЕРЖОДА: НЕРАСКРЫТАЯ ПРАВДА.....	367
Алпыспаева Г.А., Жуман Г., Аубакирова Х.А. АНТИРЕЛИГИОЗНОЕ ВОСПИТАНИЕ В СИСТЕМЕ ШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА В 50–80-Е ГГ. XX ВЕКА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	382
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К., Бимоланова А.А. «ИДЕОЛОГИЧЕСКИЕ ОШИБКИ» В ШКОЛЬНЫХ УЧЕБНИКАХ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ В 1950-Е ГОДЫ.....	399
Беялова А., Каипбаева А.Т. ПОЛОЖЕНИЕ ЭТНИЧЕСКИХ ГРУПП В КАЗАХСТАНЕ В ГОДЫ ГОЛОДА (1931–1933 гг.).....	415
Дуйсембаева Н.Б., Жуматай С. МЕСТО ШКОЛЫ «МАМАНИЯ» В ОБРАЗОВАНИИ НАЧАЛА XX ВЕКА.....	427
Жолсеитова М.А. МУСУЛЬМАНСКАЯ СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ КОЛОНИАЛЬНОЙ ВЛАСТИ: НАУЧНЫЙ АНАЛИЗ ПОЛИТИЧЕСКИХ СТРАТЕГИЙ И ИДЕОЛОГИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....	442
Каипбаева А.Т., Абиkey А.М. ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР ПРОБЛЕМЫ МАССОВОГО ГОЛОДА 1931–1933 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	456
Легкий Д.М., Турежанова С.А., Нурушева Г.К. ИЗ ИСТОРИИ ПОДГОТОВКИ УЧИТЕЛЬСКИХ КАДРОВ В КАЗАХСКОЙ ССР (ПЕР. ПОЛ. 1950-Х ГГ.).....	471
Маликова С.З., Абуов Н.А. ИСТОРИЯ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И ГОЛОДА В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ.....	488
Муканова Г.К., Ахметжанова А.Т. ПРОТЕСТНЫЕ ПУБЛИКАЦИИ КАЗАХСКИХ ИНТЕЛЛЕКТУАЛОВОБ УЕЗДНОМ УПРАВЛЕНИИ СТЕПНЫХ ОБЛАСТЕЙ. РУБЕЖ XIX–XX ВЕКОВ.....	501
Мухатова О.Х. ПОЛОЖЕНИЕ БЕСПРИЗОРНЫХ ДЕТЕЙ В ГОДЫ ГОЛОДА.....	516
Сагынайкызы С., Сартаев С.А., Нусупбаева С.А. УСТОЙЧИВОЕ СЕЛЬСКОЕ ХОЗЯЙСТВО: СВЯЗЬ МЕЖДУ ЗАГОТОВКОЙ МЯСА И ПРИНЦИПАМИ ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКИ В КАЗАХСТАНЕ (1927–1932).....	531
Сулейменова К., Дауытбекова М.К., Курманалина Н.Н. РОЛЬ КАЗАХСКИХ БАТЫРОВ В ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЯХ (XVIII В.).....	543
Хайдаров Е.Е. КОЛЛЕКТИВИЗАЦИЯ И НАРОДНЫЕ ПРОТЕСТЫ В ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ (1928–1932 гг.).....	559
Эгамбердиев М.Ш., Тургунбаев Е.М. РЕЛИГИОЗНАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ В УСЛОВИЯХ ИМПЕРСКОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ.....	575

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Нурлановна Г., Бекназаров Р.А. АКТОБЕ – ПОЛИЭТНИЧЕСКИЙ ГОРОД (1869–1946): ИСТОРИКО-ЭТНОГРАФИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....	589
Хабибуллин Е.И., Асылгужин А.Р., Рыскильдин А.Х. КИПЧАКСКИЕ И СВЯЗАННЫЕ С НИМИ КЛАНЫ (ПЛЕМЕНА) БАШКИР ПО ДАННЫМ ГЕНЕТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ.....	603

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Alpysbes M.A. THE BATTLE OF THE SHURSHITQYRYLGAN IN THE HISTORICAL MEMORY OF THE PEOPLE.....	327
Nogaybayeva M.S., Shakirbayeva I.T. PROBLEMS OF SOCIAL STATUS IN LATE MEDIEVAL KAZAKH SOCIETY.....	343

HISTORY

Adilova F.A., Kolumbaeva Z.E., Serubayeva A.T. THE PROBLEM OF RELIGION THE KARKARALIN PETITION IN THE KAZAK STEPPE (late XIX-early XX th centuries).....	356
Azirbekova A.J., Abisheva J.R. GERZHOD'S CASE: THE UNREVEALED TRUTH.....	367
Alpyspaeva G., Zhuman G., Aubakirova H. ANTIRELIGIOUS UPBRINGING IN THE SCHOOL EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN IN THE 1950–1980s OF THE 20th CENTURY: HISTORICAL ANALYSIS.....	382
Bekmagambetova M.Zh., Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A. “IDEOLOGICAL MISTAKES” IN SCHOOL TEXTBOOKS OF KAZAKH LITERATURE IN THE 1950S.....	399
Belyalova A., Kaipbayeva A.T. THE SITUATION OF ETHNIC GROUPS IN KAZAKHSTAN DURING THE FAMINE (1931–1933).....	415
Duisembayeva N.B., Zhumatay S. THE PLACE OF THE “MAMANIYA” SCHOOL IN EDUCATION IN THE EARLY XX CENTURY.....	427
Zholseitova M. MUSLIM EDUCATION SYSTEM IN THE CONTEXT OF COLONIAL POWER: A SCIENTIFIC ANALYSIS OF POLITICAL STRATEGIES AND IDEOLOGICAL DISCOURSE.....	442
Kaipbayeva A.T., Abikey A.M. HISTORIOGRAPHICAL REVIEW OF THE PROBLEM OF MASS FAMINE IN 1931–1933 IN KAZAKHSTAN.....	456
Legkiy D.M., Nurusheva G.K., Turezhanova S.A. FROM THE HISTORY OF TRAINING TEACHERS IN THE KAZAKH SSR.....	471
Malikova S.Z., Abuov N.A. HISTORY OF COLLECTIVIZATION AND FAMINE IN NORTHERN KAZAKHSTAN.....	488
Mukanova G.K., Akhmetzhanova A.T. PROTEST PUBLICATIONS OF THE KAZAKH INTELLECTUALS ABOUT THE DISTRICT ADMINISTRATION OF THE STEPPE REGIONS. THE TURN OF THE XIX–XX CENTURIES.....	501
Mukhatova O.Kh. THE SITUATION OF STREET CHILDREN DURING THE YEARS OF FAMINE.....	516
Sagnaikyzy S., Sartaev S.A., Nusupbaeva S.A. SUSTAINABLE FARMING: LINKS BETWEEN MEAT PROCUREMENT AND GREEN ECONOMY PRINCIPLES IN KAZAKHSTAN (1927–1932).....	531
Suleimenova K., Dautbekova M.K., Kurmanalina N.N. THE ROLE OF KAZAKH BATYRS IN DIPLOMATIC RELATIONS (XVIII CENTURY).....	543
Khaidarov E.E. COLLECTIVIZATION AND POPULAR PROTESTS IN THE WEST KAZAKHSTAN REGION (1928–1932).....	559
Egamberdiyev M.Sh., Turgunbayev Ye.M. RELIGIOUS TRANSFORMATION IN KAZAKH SOCIETY UNDER IMPERIAL MODERNIZATION.....	575

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Nurlanovna G., Beknazarov R.A. AKTOBE – A POLY-ETHNIC CITY (1869–1946): HISTORICAL AND ETHNOGRAPHIC STUDY.....	589
Khabibullin E., Asylguzhin A., Ryskildin A. KIPCHAK AND RELATED CLANS (TRIBES) OF THE BASHKIRS ACCORDING TO GENETIC RESEARCH DATA.....	603

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2025. 12 (2)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй